

Ертеде Қарынбай деген өте кедей адам болады. Оның дүние, мал дегенде жалғыз қаршығасы болыпты. Ол қаршығасы көзіне көрінген құсты жібермейтін өте алғыр болыпты. Қарынбай осы қаршығасының ұстаған қаз, үйректерімен ғана қоректеніп күнелтеді екен.

Бір күні қаршыға салып жүргенде алдынан бір хан кез болады. Хан қаршығасы қаз, үйрекке түспей, қапаланып



тұр екен. Қарынбайдың қаршығасын көріп, сыйға беруін қалайды. Хан қалаған соң, Қарынбай амалсыз қаршығасын береді.

Қаршығасынан айырылған соң, Қарынбайдың күн көрісі нашарлап, ішер ас таба алмай, қапаланып отырып: «Ханның қалауын бергенде, ол менің қалауымды неге бермеске?» – деген ой оны қалдырмай, ханның ауылына жол тартады.



Қой бағып жүрген ханның қойшысы алдынан шыққанда Қарынбай оған келе жатқан жолының мәнісін айтады. Сонда қойшы оған былай деп кеңес береді:

– Ханның бір сандығы бар. Ол сандыққа «Ашыл, сандығым» десең, ішінен қаптаған мал шығады. Керегіңді ұстап алған соң «Жабыл, сандығым» десең, барлық мал сандықтың ішіне кіріп жоқ болады, сен соны қала».



Қарынбай ханға келіп, сандығын қалайтынын айтады. Хан мұның көңілін қалдырмай, қалағанын беретініне риза болып, сандығын әкелтуді бұйырады. Тағы да алғысын айтып, жолға шығарып салады.

Қайтып келе жатып қатты шаршаған Қарынбай жолдағы ауылға түсіп, шөлін қандырмақшы болады. Сандықты үйдің кіре берісіне қойып, аулада ойнап жүрген балаларға:

